

М. Мурзагулова<sup>1\*</sup>, К. Атемова<sup>1</sup>, Л. Сулейменова<sup>1</sup>,  
Н. Аринова<sup>2</sup>, Б. Батырбаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>3</sup>ҚазБСҚА жанындағы сәулет және құрылыс колледжі, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: miraulan70@gmail.com

## БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ВИКТИМДІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА БЕЙІМДІЛІГІНІҢ АЛДЫН АЛУҒА ДАЯРЛАУ

Мақалада жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлыққа бейімділігінің себеп-салдарлары, жалпы осы көріністің сипаты мен ғылыми бағыттың шығу тарихы жөнінде шолу жасалады. Әлеуметтік педагогтың негізгі міндеті – баланы, жасөспірімді әлеуметтік тұрғыдан қорғау, оған әлеуметтік, психологиялық немесе медициналық көмек көрсету, білім алуын ұйымдастыру, сондай-ақ, қоғамдағы ақталуы (реабилитация) мен бейімделуін қамтамасыз ету мәселесін қарастырады.

Жалпы, әлеуметтік педагогиканың қоғамдық мәні – қиын, қайғылы жағдайларға душар болған отбасына, балаларға көмек көрсету; оларға өмірден өз орнын табуға, өз мүмкіндіктері мен қабілет-ынтасы негізінде дамуына жәрдем ету. Сонымен бірге, бұл міндеттерді шешу үшін әлеуметтік педагог баланы зерттейді, оның жағдайын, тығырыққа тірелу деңгейін анықтайды және одан шығу жолдарын іздестіреді, жоспарлайды. Виктимдік құбылысы мәселені тереңдетіп, жәбірленушінің психологиясын қалай түсінуге болатынын және оның алдын алу жолдарын анықтайды. Авторлар, сонымен бірге, виктимологияның ғылыми сала ретіндегі қазақ тіліндегі терминологиялық мәселелеріне тоқталып, оларды негіздеп түсіндіруге талпынады. Студенттердің виктимдік мінез-құлқына бейімділік диагностикасы жүргізілді. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің және Әл-Фараби ҚазҰУ-дің 79 студентінен сұхбат алынды

**Түйін сөздер:** әлеуметтік-педагогикалық виктимология, виктимділік, виктимдік мінез-құлық, «қиын жасөспірімдер».

M. Murzagulova<sup>1\*</sup>, K. Atemova<sup>1</sup>, L. Suleimenova<sup>1</sup>, N. Arynova<sup>2</sup>, B. Batyrbaeva<sup>3</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>3</sup>College of Architecture and Civil engineering at KAZGASA, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: miraulan70@gmail.com

### Training of future social educators on prevention of the propensity of adolescents to victim behavior

This article gives an overview of the causes and consequences of prevention of adolescents' predisposition to victim behavior, the nature of phenomenon and the history of the emergence of a scientific direction are analyzes. The main task of a social pedagogue is the social protection of a child, adolescent, providing him with social, psychological or medical assistance, organizing his education, as well as ensuring his rehabilitation and adaptation in society.

Generally speaking, the social significance of social pedagogy lies in helping people who find themselves in a difficult, tragic situation - their families, children, helping them find their place in life, develop further based on their capabilities and abilities. At the same time, in order to solve these issues, the social pedagogue studies the child, determines his condition, the level of isolation and looks and plans for ways out of it. The phenomenon of victimization will deepen the problem and determine how to understand the psychology of the victim and how to prevent it. The authors also focus on the terminological problems of victimology as a scientific direction in the Kazakh language and try to substantiate them. The diagnostics of students' propensities for victim behavior was carried out. 79 students of L. Gumilyov ENU and Al-Farabi KazNU were interviewed.

**Key words:** socio-pedagogical victimology, victimization, victim behavior, "difficult teenagers".

М. Мурзагулова<sup>1\*</sup>, К. Атемова<sup>1</sup>, Л. Сулейменова<sup>1</sup>, Н. Аринова<sup>2</sup>, Б. Батырбаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

<sup>2</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>3</sup>Колледж архитектуры и строительства при КазГАСА, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: miraulan70@gmail.com

### Подготовка будущих социальных педагогов к профилактике склонностей подростков виктимного поведения

В статье представлен обзор причин предрасположенности подростков к виктимному поведению и последствия профилактики, изучена природа этого явления и история возникновения научного направления. Основной задачей социального педагога является социальная защита ребенка, подростка, оказание ему социальной, психологической или медицинской помощи, организация его образования, а также обеспечение его реабилитации и адаптации в обществе.

В целом общественная значимость социальной педагогики заключается в помощи людям, попавшим в трудную, трагическую ситуацию, – их семьям, детям, помогая им найти свое место в жизни, развиваться дальше на основе своих возможностей и способностей. Вместе с тем, для решения этих задач социальный педагог изучает ребенка, определяет его состояние, уровень замкнутости и ищет пути выхода из него, планирует. Феномен виктимности углубит проблему и определяет, как понять психологию жертвы и как ее предотвратить. Авторы также акцентируют внимание на терминологических проблемах виктимологии как научного направления на казах –ском языке, пытаются их обосновать. Проведена диагностика склонностей студентов виктимному поведению. Было опрошено 79 студентов ЕНУ им. Л. Гумилева и КазНУ им.аль-Фараби.

**Ключевые слова:** социально-педагогическая виктимология, виктимность, виктимное поведение, «трудные подростки».

### Кіріспе

Қазіргі заманауи талаптар мен сұраныстар жасөспірімдерге әлеуметтік-педагогикалық білім мен тәрбие беру тұрғысынан әлеуметтік ортаның қолдауын талап етіп, олардың әртүрлі жағдайлардағы қиындықтарға ұшырамай ержетіп дамуына баса назар аударады. Әлеуметтік педагогиканың қоғамдық мәні қиын, қайғылы жағдайларға, сол сияқты түрлі құбандыққа душар болған адамдарға, отбасыларына, балаларға көмек көрсете отырып, өмірден өз орнын табуға, өз мүмкіндіктері мен қабілет-ынтасы негізінде одан әрі дамуына жәрдем етумен сипатталады.

Болашақ әлеуметтік-педагог мамандардың қызметінде жасөспірімдердің өмірге бейімделу үрдісін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар сабақтастығында жан-жақты қарастыру, оқушыларға түрлі құбылыстық жағдайларда қолдау көрсету мәселесі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жоғары оқу орындарында білім алушы болашақ әлеуметтік педагогтерді әлеуметтік-экономикалық, құқықтық қатынастарға сәйкес жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлыққа бейімділігінің алдын алуға даярлау мәселесі бүгінгі таңда өзекті деп саналады.

Виктимділік (жәбірленуге бейімділік), виктимдік мінез-құлық (ағылш. victim-жәбірленуші) – адамның өз өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларға тап болуға бейімділігі

және кейбір ерекше (рухани, физикалық, кәсіби) адамдардың жоғары қабілеттілігіне қарай – белгілі бір объективті жағдайларда қылмыстық қолсұғушылықтың нысаны (жәбірленушісі) болып табылуы. Атап айтқанда, бұл адамның қандай да бір жағымсыз жағдайға түсу ықтималдығын арттыратын әрекеттері. Мұндай жағдайға тап болған адамдарды зерттейтін ғылым саласы виктимология деп аталады. Виктимология сөзбе-сөз мағынада «жәбірленуші туралы ілім» дегенді (латын тілінің *victimia* – жәбір (құрбан), грек тілінің *Logos* – ілім сөздерінен шыққан) білдіреді. Бұл термин XVIII ғасырда криминологияда индивидтің мінез-құлқы туралы қолданыла бастады. «Виктимология» ұғымын заң ғылымдарына ресейлік ғалым Л.В.Франк енгізген. Салыстырмалы тұрғыда, виктимология өз алдына жеке ғылым ретінде тек 1947 жылдан кейін ғана пайда болды. XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында құрбан мәселесі барлық ғылым саласындағы еңбектерде қолданыла бастады.

*Виктимология* – педагогикалық теория мен практиканың жаңа ғылыми бағыты, мектептің оқу процесінің социогенетикалық механизмінің дисфункциясы нәтижесінде пайда болатын оқушының жеке басының әлеуметтену ақауының генезисін, феноменологиясын, морфологиясын мен онтологиясын зерттейтін педагогика саласы (Руденский Е.В., 2004) [1]

Әлеуметтік-педагогикалық виктимология – (латынның «құрбандық» және «оқу, түсінік, сөз, ілім» деген сөздерінен алынған) әлеуметтік педагогиканың құрамдас бөлігі ретінде адамдардың жағымсыз қылықтары мен құлқынан, не басқалардың кесірінен құрбандыққа душар болған себеп-салдарын және оны реттеу жолдарын зерттейтін ілім саласы.

*Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияда қарастырылатын мәселелер:*

1) Физиологиялық дамудың әр жас кезеңіндегі дене кемістігі бар, психикасы күйзелген, әлеуметтік күрделі ахуалдарға душар болған адамдардың қоғамға бейімделуін, қайта тәрбиеленуін, даму шарттарын зерттеп, оларға көмек беру мақсатын жүзеге асыруды көздейді;

2) Қоғамның теріс ықпал ететін тұстарын зерттеп, танып-білу арқылы оларды реттеу, қалыбына келтіру және мұндай жағдайларды азайту немесе болдырмау мүмкіндіктерін қарастырып, оның жолдарын, әдіс-тәсілдерін және жұмыс түрлерін анықтайды;

3) Құрбандыққа бейім адамдардың типтерін, психикасын зерделеп, қандай және қалай көмектесудің жолдарын тауып, әлеуметтік педагогикалық нұсқаулар мен кеңестер береді;

4) Алдын алудың немесе профилактикалық жұмыстардың жалпы және арнайы ұстанымдарын нақтылап, жұмыс мазмұны, мақсаты, міндеттері мен әдіс-тәсілдерін қайта қарастыру, оның жаңа жолдарын іздестіруді мақсат тұтады. Бұл мақсатты тәжірибеде іске асыру әлеуметтік педагогтерге жүктеледі.

Тұлға әлеуметтенудің объектісі мен субъектісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтенудің құрбаны да болуы мүмкін. Нәтижелі әлеуметтену бір жағынан адамның қоғамдағы бейімделуіне алып келсе, екінші жағынан сол адамның қоғамға қарсы тұруына да ықпал етеді. Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, әлеуметтену үдерісінде әлі де шешімін таппаған, адамның қоғамға бейімделуі мен енуінің байланысын анықтайтын мәселелердің бар екендігі анықталды.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу барысында ата-аналарының көзқарасын, мінез-құлқын және ата-аналық тәжірибесін балалардың жасөспірім кезінде қабылдауын зерттеуге арналған Е. Шафердің «Ата-ананың мінез-құлқы және жасөспірімдердің оларға деген қатынасы (АДОР)» (В.М.Ломоносов атындағы институттың клиникалық психология зертханасы

сы қызметкерлерінің бейімдеуіндегі З.Матейчик пен П.Ржичан ұсынған өзгертілген нұсқасы) атты әдістемесі, Андронникованың «Құрбандық мінез-құлқына бейімділік» әдістемесі және осы мәселеге байланысты зерттеу барысында өзіміз құрастырған виктимділік туралы тест қолданылды.

### **Әдебиеттерге шолу**

Адам құқығын қорғау және қоғамдағы жағымсыз әлеуметтік құбылысты зерттейтін сала ретіндегі виктимология ғылымы қазіргі уақытта төмендегідей үш бағытта дамып келеді:

1. Әлеуметтік қауіпті көрініс құрбаны құбылысын, оның социумға тәуелділігін және басқа әлеуметтік институттар және үдерістермен өзара байланыстарын суреттейтін виктимологияның жалпы «фундаменталды» теориясы.

2. Орта деңгейлі виктимологиялық теориялар (криминалдық виктимология және басқалар).

3. Қолданбалы виктимология және виктимологиялық техника (эмпирикалық талдау, жәбірленушімен алдын алу жұмысының арнайы техникасын, әлеуметтік-педагогикалық қолдау технологиясын, қайта қалпына келтіру және орнын толтыру механизмдерін, сақтандыру технологияларын жасау және енгізу т.б).

Бүгінгі қоғамда жастардың бұл категориясының сандық өсуін сипаттайтын негізгі факторлар ретінде отбасы жағдайындағы (кедейлік, отбасындағы дұрыс емес қарым-қатынастар) қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, құқық бұзушылық және білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің жұмысындағы кемшіліктерді айтамыз. Қазіргі уақытта жәбірленушінің рөлін түсінуге баса назар аудару адамның құрбан болу ретінде белгіленген агрессияның әртүрлі түрлеріне осалдығын қарастыруға бағытталған. Осы құбылысты жан-жақты зерттеу ғалымдардың тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы маңыздыларының қатарында.

Немістің ғылыми журналында Георг Кляйнфеллер 1917 жылы қылмыс механизміндегі жәбірленушінің рөлі туралы зерттеулерінің нәтижелерін жариялады. Ол көптеген қылмыстар жәбірленушінің өзінің мінез-құлқынан болатынын атап өтті. Дей тұрғанымен, виктимология мәселелері тек екінші дүниежүзілік соғыстан бастап ғылыми тұрғыда алдымен криминологиялық зерттеу нысанына айнала бастады. 1945 жылы Жапонияға екі атом бомбасы тасталды. Осы жарылыстар нәтижесінде мыңдаған адам бір мезгілде құрбан болды. Қайғылы оқиға же-

ке адамдық мәселе шеңберінен шығып, ұлттық апатқа айналды, бұл жапон ғалымдарын құрбан болудың себептері туралы сұрақтарды қарастыруға итермеледі. Сол жылы жаңа ғылыми бағыт – виктимология саласында жаңа жарияланымдар пайда болды. Бір мезгілде виктимология саласындағы зерттеулер АҚШ-та және бірқатар Еуропа елдерінде жүргізіле бастады (Христенко В.Е., 2004) [2]

Виктимологияның пайда болуын Ганс фон Хентиг (1888-1974) және Бенджамин Мендельсонның (1900-1998) есімдерімен байланысты қарастырамыз. Виктимологияның шығуы осы ғалымдар іргелі ережелерін жариялаған 1947-1948 жылдардан бастау алады (Франк 1977, 1977) [3].

1947 жылы Бухарестте өткен психиатрлар конференциясында Бенджамин Мендельсон «Биопсихология мен әлеуметтанудағы жаңа көзқарастар: виктимология» деген тақырыпта баяндама жасады. Ол өз баяндамасында алғаш рет бұл ғылыми зерттеулердің жаңа саласының ауқымын нақтылады.

1990 жылдардың бас шенінде виктимологиялық зерттеулердің рөлі мен маңыздылығын бағалау біртіндеп өзгере бастады. Посткеңестік блок елдеріндегі дағдарыстық жағдайдың дамуы, әлеуметтік жағдайдың өтпелілігімен, әртүрлілігімен және белгісіздігімен асқынған тұтас ұрпақтың өмір салтындағы өзгерістер виктимологиялық көзқарастардың өзгеруіне әсер етпей қоймады. Ресейде виктимологияны Л.В.Франк, Ю.М.Антонян, Г.А. Аванесов, Е. Шафер, О.О. Андронникова Л.И. Вассерман, В. А. Лефтеров, Ю.А. Воронин, И.И. Пацакула және т.б. ғалымдар зерттеп зерделеді. КСРО-да алғаш виктимологиялық зерттеулерді Л.В. Франк жүргізді. Өз зерттеулерінде виктимологияның теориялық және қолданбалы құндылығы бар дербес ғылыми бағыт екендігін негіздеді.

Қазақстанда виктимология аясында зерттеулер жүргізілуде, дегенмен, Ресеймен салыстырғанда аса қарқынды түрде емес. Қазақстандық ғалымдардың ішінде Е.О.Алауханов, М.С. Баймурзин, Д.Б. Кайназарова, Н.К. Котова, Н.Д. Мухамедьянов, Р.Т. Нуртаевтың арнайы еңбектерін атап кетуге болады. Ал әлеуметтік-педагогика тұрғысынан қазақстандық ғалым І.Халитованың әлеуметтік педагогиканың ішінде қарастырған анықтамасы бар. (Халитова І., 2007) [4]

Л.В. Франк виктимологияның негізгі тұжырымдарын төмендегідей бөліп көрсетеді:

- виктимденудің адамды қылмыстың құрбанына айналдыру процесі және жалпы қыл-

мыстың жәбірленушілерге, олардың отбасы мүшелеріне, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтарға функционалдық әсерінің нәтижесі ретінде түсінігі;

- адамның әрекет тәсілі мен әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерінің нәтижесінде қылмыстың құрбанына айналу тенденциясы ретіндегі виктимділік ұғымы;

- қылмыстық мінез-құлық механизмінің дамуы мен генезисіне елеулі әсер ететін криминогендік жағдай шеңберіндегі осы субъектілер арасындағы қарым-қатынастар жүйесі ретіндегі «қылмыскер-жәбірленуші» байланысының түсінігі. (Франк Л.В., 1977) [4]

Виктимология – педагогика, психология, социология, криминология түйіндемесіндегі білім саласы, әлеуметтенудің қолайсыз жағдайларының құрбандары болған әр түрлі адамдар категорияларын зерттейді. Оларға: мүгедектер, жетім балалар, ата-ана қамқорлығынан айырылған, жағдайларға байланысты панасыз және қараусыз қалған балалар, экономикалық дейгейі төмен, бейморальдық және криминогендік ахуал жайлаған жағдайсыз отбасыларының балалары жатады. Сөйтіп, виктимологияны қылмыстан зардап шегушінің, оның қылмыскермен қылмыс жасауға дейінгі, қылмыс жасау кезіндегі және қылмыстан кейінгі сатылардағы қылмыскермен байланысы мен өзара қатынасын, мінез-құлқы мен әрекетін зерттейтін криминологияның жеке бағыты деп атауға болады. Осы ретте виктимологияның адамдар туралы ғылымдар жүйесіндегі маңызын саралай келе ғылыми айналымда «әлеуметтік виктимология» және «әлеуметтік-педагогикалық виктимология» ғылымдарына жол ашылды.

Әлеуметтік виктимология әлеуметтану, педагогика, психология, криминология, этика, этнография, этнопсихология, конфликтология ғылымдарының сабақтастығында тұлғаның құрбанға айналып кетуіндегі факторларды, себеп-салдарды және адамның психикалық ерекшеліктерін зерттейді. Сол сияқты зорлық-зомбылық пен құрбандықтың алдын алу және түзету жұмыстарына жол ашады. А.В.Мудриктің ойынша әлеуметтік виктимология тұлғаның ортаға бейімделуімен сипатталады.

Әлеуметтік-педагогикалық виктимология әртүрлі категориядағы адамдардың әлеуметтенудің келеңсіз жағдайларының салдарынан қылмыс құрбанына айналуын зерттейтін әлеуметтік педагогиканың құрамдас бір бөлігі. Ендеше, әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның теориялық-әдіснамалық негіздерін мына кесте түрінде бағамдаймыз.

**1-кесте.** Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның теориялық негіздерінің бағыттары

А)	пәнаралық деңгейде физикалық, психикалық, тұлғалық ауытқулары бар тұлғалардың дамуын зерттейтін сала;
Ә)	қоғамдық-әлеуметтік ортада әлеуметтік теңсіздіктер, эмоционалды, психикалық, мәдени дамуға әсер ететін өмірлік бағыттарды саралап, зерделейтін теориялық және практикалық әрекет;
Б)	құрбандықтың алдын алу шараларының теориялары, типологиясы, стильдері, әдіс-тәсілдері бойынша ұғымдар жүйесін қалыптастыру бағыты;
В)	алдын алу, түзету, кеңес берудің мазмұнын, түрлерін, әдістерін дайындаудың теориялық алғы шарттарын реттейтін ғылыми сала

*Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның міндеттері:*

- Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның қоғамдық бағыт және әлеуметтік құбылыс ретіндегі орнын мен маңызын түсіндіру;
- әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның шығуы мен қалыптасуы туралы теориялық білімдерді ұғындыру;
- әлеуметтік-педагогикалық виктимологиялық түсініктерді ажырата алуға үйрету;
- әлеуметтік-педагогикалық виктимология дағы әлеуметтік жағдайларды, виктимогендік факторларды талдауға машықтандыру;
- әртүрлі педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайларда қарым-қатынаста дұрыс шешім таба білуге дағдыландыру;
- әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядағы кеңес беруде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануды меңгерту;
- виктимділікке тап болмаудың жолдарын таңдай алуға бағыт беру;
- әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның басқа ғылымдармен байланысын анықтай алуға үйрету;
- құрбандыққа бейім адамдармен кеңес түрлерін жобалай алуда кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететін білік, дағдыларды дамыту.

Осындай міндеттерге сүйене отырып, біз зерттеу жұмысымызда болашақ әлеуметтік педагогтердің жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлыққа бейімділігінің алдын алу бойынша жүргізетін жұмыстарына теориялық және практикалық талдау жасауға ұмтылды.

Әлеуметтік педагогтің негізгі міндеті – баланы, жасөспірімді әлеуметтік тұрғыдан қорғау, оған әлеуметтік, психологиялық немесе медициналық көмек көрсету, оның білім алуын ұйымдастыру, сондай-ақ оның қоғамдағы ақталуы (реабилитация) мен бейімделуін қамтамасыз ету.

Бұл міндеттерді шешу үшін әлеуметтік педагог баланы зерттейді, оның жағдайын, ты-

ғырыққа тірелу деңгейін анықтайды және одан шығу жолдарын іздестіреді, жоспарлайды. Қиын жағдайға тап болған баланы демеу оңай жұмыс емес. Мұндай жағдайда оны рухани тұрғыдан қолдап, өзіне деген сенімін ояту, өз күшіне сендіру, алдағы уақытқа деген сенімін күшейту өте қажет. Әлеуметтік жұмыспен айналысатын маман-педагог белгілі бір білім жиынтықтарымен: психологиямен, ұйымдастырушылық дағдыларымен, адамдармен тіл табыса алу, балалар ұжымымен жұмыс жасай алу қабілеттіліктерімен, педагогикалық икемділікпен және виктимологиялық ғылым негіздерімен қарулануы тиіс.

Әлеуметтік педагогтің кәсіби біліміне педагогика және психологиямен қатар, баланың даму физиологиясы, тәрбие жұмысының әдістемесі сияқты міндетті пәндер енеді. Бұл білімдер баланы, оның мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін бақылап үйрену, қарым-қатынас ерекшеліктері мен өзге балалармен ұжымда ынтымақтастығын анықтау үшін керек. Әлеуметтік педагогтің баламен өзара бірлесе жұмыс істеуді ұйымдастыра алуы, қажет болған жағдайда түрлі зорлық-зомбылықтан да қорғай алатындай білімі мен білігі, әлеуеті болуы шарт. Сондай біліктіліктер қатарында, әрине, баланың құрбандыққа айналу немесе виктимділігі қаупінің алдын алу жұмысы да маңызды орында.

Виктимділік, жәбірленушінің қылмыстың құрбаны болу бейімділігі ретінде адамның санасында белгілі бір себептермен бекітілген мінез-құлық үлгілерін ұстануы нәтижесінде пайда болады. (Лефтеров В.А., Вакулич Т.М., 2013) [5]

Бұл дамудың әртүрлі жас кезеңдеріндегі жеке сипаттардың, әлеуметтік-психологиялық жағдайлардың белгілі бір үйлесімі аясында орын алады. Д.В. Ривман тұлғаның виктимділікке белгілі бір себептерге байланысты икемденбейтінін айтады. Оның пікірінше, керісінше тұлғаның виктимді болмауы мүмкін емес. Себебі

адам қоғам мүшесі, ал қоғамда қылмыстылық жойылмаған, яғни адамның қылмыс құрбанына айналуының объективті себептерінің де жойылмағандығын пайымдайды. (Ривман Д.В., 2000) [6]

Көптеген ғалымдар жасөспірімдердің виктимизацияға ұшырауын олардың өздерінің мінез-құлықтарымен байланысты дәйектейді. Л.В. Сердюк «әрбір адамның қылмыс құрбанына айналу мүмкіндігімен кейбір адамдардың виктимдік мінез-құлқын шатастырмау керек, әйтпесе виктимділік өз мағынасын жоғалтады. Әрине ешбір адам қылмыс құрбанына айналу-дан сақтандырылмаған, бірақ олардың барлығы дерлік өздеріне қарсы қылмыстық қол сұғушылыққа септігін тигізбейді» дейді. (Сердюк Л.В., 2017) [7]

Ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, біз жасөспірімдердің мінез-құлқы, эмоционалды жағдайы мен тәртіп бұзушылық әрекеттерінің оларды виктимизацияға әкелетінін байқадық. Бұл ойымызды *А.И. Долгованың* виктимизация – «бір жағдайда белгілі бір жаппай құбылысты, өз кезегінде, тиісті қылмысты білдіреді. Екінші жағынан, кейбір адамдардың мінез-құлқы, олардың белгілі бір жағдайларда қылмыстың құрбаны болуға бейімділігі» деген пікірімен тұжырымдай аламыз. (Долгова А. И., 2001) [8]

Виктимдікке айналу адамдардың өміріне қауіп төндіретін топтық, ұжымдық ортада өтетін түрлі жағдайлардағы құрбандыққа апаратын әрекет.

Бұл сол сияқты жеке даралық сипатта да болады.

Ендеше, құрбандыққа ұшырап, жәбірленушіге айналу біз адамдардың белгілі бір жиынтығының қылмыс құрбандарына айналуы және олардың қылмыстық іс-әрекеттің құрбанына айналу үдерісінде болатын құбылыс деп айтамыз. Виктимдіктің белгілі бір адамдардың жәбірленушіге айналу, яғни, қылмыстық қол сұғушылықтан аулақ бола алмау, объективті мүмкін болған жерде оған қарсы тұра алмауынан болатын әрекет екендігін Л.И. Вассерман және т.б. ғалымдар дәлелдеген. (Вассерман Л.И., Горьковая И.А., Ромицина Е.Е., 2004) [9]

Құрбандық мәселесін алғаш енгізген ғалым Л.В. Франк виктимдіктің философиялық, әлеуметтанушылық және әмбебаптық мынадай негізгі үш тәсілдемелерін ұсынған:

1) *Философиялық тәсілдеме*. Виктимділік – бұл ұйымдасқан материяның белгілі бір та-

рихи жағдайларда қылмыстың құрбаны болуға бейімделген жүйелі әмбебап қасиеті.

2) *Әлеуметтанушылық тәсілдеме*. Виктимділік – жеке тұлғаның (әлеуметтік топтың) әлеуметтік қауіпті көріністің құрбаны болудың, қол жетімділіктің және тартымдылықтың жоғарылауына әкелетін қауіпсіздік нормаларынан ауытқып кеткен сипаты.

3) *Әмбебаптық тәсілдеме*. Виктимділік – субъектінің әлеуметтік (рөлдік құрбандардың мәртебелік сипаты және мінез-құлық ауытқулары) психологиялық (қылмыстан қорқу) және моральдық (жәбірленушілік нормаларды интериоризациялау, өзін болашақ жәбірленуші ретінде анықтау) қауіпсіз мінез-құлық нормаларынан ауытқуларда жүзеге асырылатын қылмыстың құрбаны болу мүмкіндігі. (Франк Л.В., 1977) [3]

Жәбірленушілік адамның белгілі бір жағдайларда құрбан болуға бейімділігін немесе объективті түрде алдын алуға болатын қауіптен аулақ бола алмайтындығымен сипатталады. Психолог А.С. Волович құрбандық сөзбе-сөз құрбандықты білдіреді, бұл дәстүрлі түрде жанқиярлық деп түсініледі. (Волович А.С., 1990) [10]

Көптеген ғалымдар, бұл көзқараспен келіспейді. Мұны А.В. Мудриктің «жәбірленушілікте» ешкім ештеңеге өз еркімен құрбандыққа бармайтын, яғни объективті немесе субъективті жағдайда ғана жәбір көретін адамдар қарастырылатынын, сондықтан мұны құрбандыққа жарамдылық деп қана қарастырған жөн» екендігін атап көрсетеді. (Мудрик А.В., 1992) [11]

Психологтар жәбірленушінің мінез-құлқы – әлеуметтену процесінде қалыптасатын девиантты мінез-құлықтың бір түрі деген болжам айтады. Егер бұл шындық болса, онда әр ұрпақ құрбандық және қылмыстық мінез-құлықтың белгілі бір түрлерін өз ұрпақтарына гендік, тәрбиелік негізде жалғастырып отырады деп болжамдауға болады. Демек, виктимдіктің барлық түрлері көбінесе қауымдастық мәдениетінен туындайды. Олардың өзгеруі, түрленуі қоғамның басқа да материалдық және әлеуметтік жағдайларының өзгеруіне байланысты болады.

Жалпы білім беретін орындарда жәбірлеу мәселесі бойынша балалар мен жеке топтың алдын алу жұмыстарының әлеуметтік-педагогикалық технологиясы әлеуметтік педагогтан:

1. Жәбірленуге икемі бар балалардың мәліметтер қорын қалыптастыру және зерттеу;

2. Білім беру орындарында кәмелетке толмаған жәбірленуге бейімдердің портретін құру;

3. Білім беру орындарындағы жәбірленуге икемді кәмелетке толмағандар жайлы ақпарат көздерін зерттеу;

4. Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас сферасын (эмоциялық ұйымшылдық, қызығушылық, қызмет көрсету, сенім) қарастыру;

5. Кеңес беру;

6. Алдын алу жұмыстарының бағдарламаларын құру (әлеуметтік-педагог ғылыми кеңесші, яғни, дәрігер, нарколог немесе психолог көмегін де ұйымдастырып іске асырады);

7. Топтық алдын алу жұмыстарының бағдарламалары: ақпараттық-насихаттық, рөлдік, ойындық, іскерлік сияқты қызметтерді талап етеді.

Жеке топтың профилактика жұмыстарының технологиясын тиімді іске асыру үшін әлеуметтік-педагог алдын алу жұмысы мен балаларға көмек көрсетуде құзыретті болуы тиіс. Бұл жұмыстар ғылыми-әдістемелік және технологиялық құралдармен қамтамасыз етілуі керек.

Виктимденудің алғашқы жіктеулерінің бірін әйгілі жапон виктимологы Миядзава Коити құрастырған еді. Өзінің «Виктимологиялық теорияның негіздері» деп аталатын еңбегінде ол 2 түрді анықтап берген:

– жәбірленушінің әлеуметтік, рөлдік және гендерлік сипаттамаларына байланысты болатын жалпы виктимдену;

– жеке тұлғаның ұстанымдары, қасиеттері мен атрибуттарында жүзеге асырылатын арнайы виктимдену.

Сонымен қатар, Миядзаваның айтуынша, осы екі түр қатар келген жағдайда виктимдену деңгейі айтарлықтай артады (Миядзава К., 2002) [12]

Көп жағдайда, виктимділік қылмыстан зардап шеккен адамның немесе жәбірленушілер тобының белгілі бір санының сипатында көрінетін жаппай құқықтық маңызды әлеуметтік-психологиялық құбылыстың белгісі ретінде қарастырылады. Жәбірленушілік қылмысқа сай белгілі бір жаппай құбылысты немесе адамдардың «белгілі бір» жағдайлардағы мінез-құлқын, олардың қылмыстың құрбаны болуға бейімділігін білдіруі мүмкін.

Зерттеушілер оларды құрайтын төрт факторды атап көрсетеді:

– жәбірленушінің статистикалық жеке сипаттамалары, оның ішінде тұрақты типтік жеке қасиеттер кешені;

– жәбірленушінің қылмысқа ықпал ететін теріс мінез-құлқындағы типтік белгілердің динамикалық көрінісі;

– жәбірленушінің типтік қасиеті ретінде көрінбеген, бірақ дәл осы жерде, осы уақытта қылмысқа ұшырауына себеп болған теріс мінез-құлқы;

– белгілі бір мәртебеге ие немесе белгілі бір әлеуметтік рөл атқаратын адамның осал жерлері.

Ресей психологы В.И. Полубинский негізгі терминдерді былайша түсіндіреді: «жеке виктимділік – бұл белгілі бір адамның биофизикалық, психологиялық және әлеуметтік қасиеттерімен анықталатын сипаты, белгілі бір өмірлік жағдайда қылмыстың құрбаны болу мүмкіндігі» (Полубинский В.И., 2008) [13]

Демек, белгілі бір адамның виктимділігі оның жеке қасиеттерінің сыртқы факторлармен өзара әрекеттесуі нәтижесінде қылмыстың құрбаны болу мүмкіндігін білдіреді. Тұлғаның виктимділігі жеке және ситуациялық компоненттерден тұрады, ал жеке адамның сапалық сипаттамалары жағдайлық компонентке жүйелі түрде тәуелді. Жеке виктимділіктің тұлғалық компоненті – адамның өзіне тән белгілі бір субъективті қасиеттерге байланысты жәбірленуге ұшырау мүмкіндігі. Виктимденудің жеке компонентіне байланысты осалдық дәрежесі адамға тиісті виктимді бейімділіктерге байланысты, яғни оның осалдығын арттыратын әлеуметтік, психологиялық, биофизикалық қасиеттерінен келіп шығады.

Қазіргі виктимология арнайы әлеуметтанушылық теория ретінде басқа әлеуметтік пәндер (девиантты мінез-құлық бағытындағы криминология, саясаттану, мемлекетті басқару теориясы, психология, әлеуметтік жұмыс, конфликтология, әлеуметтану) салаларында бастапқыда әзірленген теориялық тұжырымдамалар мен үлгілерге сүйене отырып, құрбандық феноменін жан-жақты талдауды жүзеге асырады. Осылайша, виктимология қауіпсіздік нормасынан ауытқыған мінез-құлықты зерттейтін гуманитарлық ғылымдардың бірі болып табылады. (Воронин Ю.А., 2014) [14].

Ғалымдар жәбірленушінің мінез-құлқы қылмыскердің мінез-құлқы мен мотивациясына әсер ететінін атап өтеді. Жәбірленушінің агрессивті мінез-құлқы қылмысты тудыруы мүмкін, ал оңтайлы мінез-құлық ауыр, жағымсыз және тіпті қайғылы салдардан аулақ кетуге жағдай жасайды.

Адамның дамудың белгілі бір жас кезеңдерінде мәселелер шешудегі жетістігі мінез-құлқынан көрінеді. Бұл фактіні тану, сондай-ақ

жас ерекшеліктеріне байланысты тапсырмалар мазмұны, дамудың әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері жәбірленуші мінез-құлқының қалыптасуы барысында ең сезімтал жас кезеңдері болатынын көрсетеді. Сондай кезеңдердің бірі, біздің ойымызша, жасөспірімдік шақ.

Бір жағынан, бұл кезеңде өзіндік Мен-бейнесі айқынырақ қалыптасып, тұрақтанады, екінші жағынан, өзін-өзі құрудың когнитивтік және аффективтік компоненттері өзгереді. Өзіндік сана қарама-қайшы мағыналарға толы болады. Жасөспірімнің жеке қасиеттері, жасаған таңдаулары мен мінез-құлық үлгілері өзінің тұрақтылығын жоғалтады (Пацакула И.И., 2013) [15]

### **Зерттеу нәтижелері мен талдаулар**

Осы айтылған тұжырымдардың негізінде біз болашақ әлеуметтік педагогтардың жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлыққа бейімділігінің алдын алу жұмыстарында қолданылатын әдістер ретінде зерттеу барысында ата-аналарының көзқарасын, мінез-құлқын және ата-аналық тәжірибесін балалардың жасөспірім кезінде қабылдауын зерттеуге арналған Е. Шафердің «Ата-ананың мінез-құлқы және жасөспірімдердің оларға деген қатынасы (АДОР)» (В.М. атындағы институттың клиникалық психология зертханасы қызметкерлерінің бейімдеуіндегі З.Матейчик пен П.Ржичан ұсынған өзгертілген нұсқасы) атты әдістемесі, (Шафер Е., 2002.) [16] және О.О.Андронникованың «Құрбандық мінез-құлқына бейімділік» әдістемесі [17] және осы мәселеге байланысты өзіміз құрастырған виктимділік туралы тест нәтижелерін талдаймыз.

ADOR сауалнамасы ата-аналарының көзқарасын, мінез-құлқын және ата-аналық тәжірибесін балалардың жасөспірім кезінде қабылдауын зерттейді. Э.Шафер әдістемесі ата-ананың тәрбиелік ықпалын (балалардың сипаттауы бойынша) үш факторлық айнымалымен сипаттауға болады деген ұстанымға негізделген:

- қабылдау – эмоционалды қабылдау;
- психологиялық жеке бақылау
- жасырын бақылау – ашық бақылау.

Бұл әдістеме – оң қызығушылық, бағыттылық, дұшпандық, автономия, ретсіздік сияқты тенденциялардың (шкалалардың) ауырлығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

О.О. Андронникованың «Құрбандық мінез-құлқына бейімділік» әдістемесі (Андронникова О. О., 2005) [17]

Қолданылған әдістеме жасөспірімдердің виктимділік мінез-құлқтың әртүрлі формалары-

на бейімділігін өлшеуге арналған стандартталған тест сауалнамасы болып табылады. Аталған әдістеме ата-аналардың көзқарастарын, олардың мінез-құлқы мен тәрбие әдістерін балалар жасөспірімдер мен кіші жасөспірімдерде қалай көретінін зерттейді. Сауалнаманың бастапқы негізі – «балалардың ата-аналық мінез-құлық туралы есебі» сауалнамасы, ол әрқайсысында 28 тапсырмадан 10 шкаладан тұрды.

О.О. Андронникованың әдістеме аясында тәжірибелік бақылауға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3-курс студенттері – 21, 4-курс студенттерінен – 19 студент қатысты. Сол сияқты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2-курс студенттері – 16, 3-курс студенттері – 24, барлығы – 79 болашақ әлеуметтік педагог-студенттер қатысты.

Барлық қатысушылар әдісті қолдана отырып, сынақтан өтті. Әрбір респондентке сауалнама мәтіні мен жауап парағы берілді. Формалар анонимділік мақсатта шифрланған. Болжалды тестілеу уақыты – 40 минут.

### **Орындау бойынша нұсқаулық:**

1. Өз тәжірибеңізге сүйене отырып, төменде көрсетілген ережелердің қайсысы сіздің ата-анаңызға тән екенін бағалаңыз.
2. Әр сауалнаманы мұқият оқып шығыңыз, ешқайсысын жіберіп алмаңыз.
3. Егер сіз берілген мәлімдеме екеңіздің (немесе анаңыздың) білім беру қағидаларын толығымен жеткізеді деп ойласаңыз, онда бағалау бланкісінде тиісті бекіту нөмірінің жанына 2 санын қойыңыз.
4. Егер сіз бұл мәлімдеме екеңізге (немесе анаңызға) ішінара сәйкес келеді деп ойласаңыз, онда 1 санын қойыңыз.
5. Егер сіздің ойыңызша, мәлімдеме Сіздің екеңізге (немесе анаңызға) қатысты болмаса, онда – 0 санын белгілеңіз.

Қатысушы респонденттерге ата-анасына жеке толтыру үшін тіркеу нысаны ұсынылды. Олардың арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ, дей тұрғанмен анаға қатысты барлық мәлімдемелер әйелдерге бөлек, ер адамдарға бөлек толтырылды. Параметрлер бойынша жауаптардың арифметикалық қосындысы жинақталды.



(POZ – оң қызығушылық, DIR – директивалық, HOS – дұшпандық, AUT – автономия және NED – сәйкессіздік). Ұпайлар тесттің орыс тіліндегі нұсқасы авторларының жарияланамында келтірілген кестелерге сәйкес аударылды. Стандартты балл мәндері 1-ден 5-ке дейін, орташа балл 3-ке дейін.

Математикалық және статистикалық мәліметтерді өңдеу параметрлік емес критерий – Ч.Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті арқылы жүзеге асырылды. Корреляция коэффициенті жалпы іріктеу үшін ұлдар тобында және қыздар тобында бөлек есептелді.

Сонымен қатар біз зерттеу барысында өзіміз құрастырған төмендегі тест бойынша да студенттер арасында сауалнама жүргіздік. Барлық тестік сұрақтар саны – 30.

### **Жасөспірімдердің құрбандыққа бейімділігін анықтау тесті**

1. *Сіздің өміріңізде басқаларға қарағанда жағымсыз жағдайлар көбірек кездеседі деп ойлайсыз ба?*

А. Ойламаймын, барлық адамдарда мұндай жағдайлар кездеседі.

В. Иә, кейбір адамдарда басқаларға қарағанда көбірек болады.

С. Жоқ, мен өзімді өмірде жолы болғыш деп санаймын.

2. *Сіз жазықсыз зардап шектіңіз. Мысалы, басқа біреудің кінәсі үшін бағаңызды төмендетті. Өзіңіздің құқығыңызды қорғайсыз ба?*

А. Әрине, қорғаймын. Мен өзімді бағалаймын.

В. Кейде жағдайға қарай үндемеген де дұрыс.

С. Бірінші рет жазықсыз жәбірленіп тұрған жоқпын, мұны да өткеремін.

3. *Кікілжіңдік жағдайдан ұтымды шешіммен шыға аласыз ба?*

А. Жоқ, әдетте конструктивті шешуге мүмкіндік туа бермейді.

В. Негізінде шыға аламын, бірақ өзімді жәбірлеуге жол бермеймін.

С. Иә, менде үнемі бәрі дұрыс шешіледі.

Біз бұл мақалада тек үлгі түрінде үш тест сұрағын ғана көрсетіп отырмыз. Жауаптарды саралай келе, болашақ әлеуметтік педагогтердің мінез-құлқында ауытқушылықтың жоқ екенін және олардың өзін-өзі бағалауы жоғары екендігін байқадық.

### **Қорытынды және тұжырымдар**

Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның қызметі құрбан болған адамдардың қайта әлеуметтенуіне қажетті жағдайларды анықтаудың жалпы және арнайы ұстанымдарын, алдын алудың формасы мен әдістерін, диагностикалау және түзету тәсілдері мен кеңес беру түрлерін ғылыми негіздеп, оларды практикалық тұрғыдан тексеріп дәлелдеуге бағытталады. Осыған байланысты әлеуметтік-педагогикалық виктимология әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік педагогика және әлеуметтік психология ғылымдарының байланысында тұлғаның ауытқушылық мінез-құлық, әртүрлі физиологиялық кемшіндіктерінің социопатогенезіндегі мәселелерін қарастырады. Виктимденген тұлғалардың типтерін және адамдардың дамуындағы физикалық, психикалық және әлеуметтік ауытқуларды зерттеу негізінде виктимология осы ауытқуларды түзету және олардың тұлға дамуына кері әсерін болдырмаудың нақты шараларын ұсынады.

Болашақ әлеуметтік педагогтің құрбан болған жасөспірімдермен жүргізетін жұмысында түрлі әдістерді ұтымды қолдану балалардың мінез-құлқын, эмоционалды көңіл-күйін тұрақтандыру сияқты мәселелерде жол ашады. Сонымен қатар виктимділікті қауіпсіз мінез-құлық нормаларынан ауытқу ретінде әлеуметтік, психикалық, моральдық көріністердің жиынтығында жүзеге асуына қажетті теориялық білімдер мен практикалық бағыттарды ұштастырады.

### **Әдебиеттер**

1. Руденский Е.В. Дефект социализации личности как базовая категория виктимологии образования. – Новосибирск, 2004. – С. 252.
2. Христенко В.Е. Психология поведения жертвы. – М.: Феникс, 2004. – С. 416.
3. Франк Л.В. Потерпевшие от преступления и проблемы советской виктимологии. – Душанбе: Ирфин, 1977. – 240 с.
4. Халитова И. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. – Алматы: Білім, 2007. – 200 б.
5. Лефтеров В.А., Вакулич Т.М. Психологические особенности виктимного поведения женщин в ситуациях домашнего насилия // Психология и право. – 2013. – № 2. – С. 1-9.
6. Ривман, Д.В. Виктимология / Д.В. Ривман, В.С. Устинов. – СПб.: Питер, 2000. – 214 с.
7. Сердюк Л.В. Материалы IX Международной н/п конференции «Актуальные проблемы права и государства в XXI веке». 2017.

8. Долгова А.И. *Криминология: учебник для вузов*. – М.: НОРМА: ИНФРА-М, 2001. – 784 с.
9. Вассерман Л. И., Горьковая И.А., Ромицина Е.Е. Родители глазами подростка: психологическая диагностика в медико-педагогической практике. – СПб.: Речь, 2004. – 256 с
10. Волович А.С. Особенности процесса социализации выпускников средней школы: канд. дис. – М., 1990.
11. Мудрик А.В. Виктимология // Независимый психолого-педагогический журнал Магистр. – 1992. № 3-4
12. Миядзава Коити. Основы виктимологической теории. – М., 2002. – 443 с.
13. Полубинский В.И. Криминальная виктимология: монография. – М.: ВНИИ МВД России, 2008. – 210 с.
14. Воронин Ю.А. Проявление личностных особенностей и социальных ролей потерпевших в механизме детерминации и осуществления преступлений // Виктимология. – 2014. – №1. – С. 13–16.
15. Пацакула И.И. Социокультурные особенности современной семьи: монография. – Калуга: Полиграф-Информ, 2013. – 172 с.
16. Шафер Е. Тест «Подростки о родителях» ADOR (модификация З. Матейчика и П. Ржичана)// Психологические тесты. – М., 2002.
17. Андронникова О.О. Психологические факторы возникновения виктимного поведения подростков. – Новосибирск, 2005. – 213 с.

### References

- Andronnikova O. O. Psikhologicheskiye faktory vozniknoveniya viktimnogo povedeniya podrostkov [Psychological factors in the emergence of victim behavior in adolescents.] Novosibirsk, 213 p. (in Russian)
- Dolgova.A.I.( 2001) Kriminologiya : uchebnik dlya vuzov[Criminology: a textbook for universities] ,Moskva : NORMA : INFRA-M, p.784 . (in Russian)
- Frank L.V. (1977)Poterpeshiye ot prestupleniya i problemy sovetskoj viktimologii[Victims of the crime and problems of Soviet victimology.] Dushanbe, Irfin, 240 p . (in Russian)
- Khalitova Í.( 2007) Aleumettik pedagogika[Social Pedagogy]Oqu quraly [Educational Manual]. Almaty. Bilim. 200 p. (in Kazakh)
- Khristenko V.Ye. ( 2004) Psikhologiya povedeniya zhertvy[Psychology of victim behavior]–М., Feniks, p.416
- Lefterov V. A., Vakulich T. M.( 2013) Psikhologicheskiye osobennosti viktimnogo povedeniya zhenshchin v situatsiyakh domashnego nasiliya [Psychological features of victim behavior of women in situations of domestic violence]. Psikhologiya i pravo[Psychology and Law]. No 2. 1–9 pp. (in Russian)
- Miyadzava Koiti(2002) Osnovy viktimologicheskoy teorii[Fundamentals of the victimological theory],Moscow, p. 443 (in Russian)
- Mudrik A.B.( 1992) Viktimologiya[Victimology] . Nezavisimyy psikhologo-pedagogicheskiy zhurnal Magistr[Independent Psychological and Pedagogical Journal Master], no 3-4. (in Russian)
- Patsakula I.I.( 2013) Sotsiokul'turnyye osobennosti sovremennoy sem'i:monografiya[Sociocultural features of the modern family: monograph.]. Kaluga .Poligraf – Inform, 172 p. (in Russian)
- Polubinskiy V.I.(2008). Kriminal'naya viktimologiya : monografiya.[ Criminal victimology: monograph.] Moscow, p.210. (in Russian)
- Rivman,D.V. (2000)Viktimologiya[Victimology] Saint-Petersburg, p. 214 (in Russian)
- Rudenskiy Ye.V.( 2004) Defekt sotsializatsii lichnosti kak bazovaya kategoriya viktimologii obrazovaniya[Personality socialization defect as a basic category of education victimology]Novosibirsk, p.252(in Russian)
- Serdyuk L.V.( 2017) Materialy IKH Mezhdunarodnoy n/p konferentsii «Aktual'nyye problemy prava i gosudarstva v KHKHI veke[Materials of the IX International scientific conference “Actual problems of law and state in the XXI century]. (in Russian)
- Shafer Ye. (2002)Test «Podrostki o roditelyakh» ADOR Psikhologicheskiye testy[Test “Teenagers about parents” ADOR]. Moscow(in Russian)
- Vasserman L. I., Gor'kovaya I. A., Romitsina Ye. Ye. (2004)Roditeli glazami podrostka: psikhologicheskaya diagnostika v mediko-pedagogicheskoy praktike[Parents through the eyes of a teenager: psychological diagnostics in medical and pedagogical practice] Saint-Petersburg.: Rech', p. 256 (in Russian)
- Volovich A.S. (1990.)Osobennosti protsessa sotsializatsii vypusnikov sredney shkoly: Kand. dis.[ Features of the process of socialization of high school graduates: Cand. dis.] М., 1990. (in Russian)
- Voronin YU. A.( 2014) Proyavleniye lichnostnykh osobennostey i sotsial'nykh roley poterpeshikh v mekhanizme determinatsii i osushchestvleniya prestupleniy[Manifestation of personal characteristics and social roles of victims in the mechanism of determination and implementation of crimes]. Victimology, no 1, 13-16 pp. (in Russian)